

Педагогикалық әдеп кеңесінің отырысы
Хаттама №: 1

«Атасу жалпы білім беретін мектебі» КММ

25 қыркүйек 2025 ж.

Қатысқандар: 36

Төраға: Т.Б. Тебенова

Хатшы: М.К. Ахметова

Күн тәртібі

1. 2025–2026 оқу жылының қыркүйек айында педагогикалық әдеп талаптарының сақталуы.
2. Мұғалімдердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауына қатысты түсіндіру жұмыстары.
3. Әдеп талаптарын бұзудың алдын алу шаралары.

Мүшелері: Қ.И.Амзина-кәсіподақ төрайымы, кеңес мүшелері

Н.З.Шубаева-зейнеткер педагог, кеңес мүшелері

С.Сейдрахманова-зейнеткер педагог, кеңес мүшесі

А.Қолабаева-ата-ана, кеңес мүшесі

Т.Сатбергенов-ауыл әкімшілігінің жетекші маманы, кеңес мүшесі

Д.Қ.Мақшиева-тәжірбиелі ұстаз, кеңес мүшесі

1-мәселе

2025–2026 оқу жылының қыркүйек айында педагогикалық әдеп талаптарының сақталуы

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры С.Х. Кенжебаева 2025–2026 оқу жылының қыркүйек айында педагогикалық әдеп талаптарының сақталуы туралы ақпарат берді. Баяндамада оқу жылының басында педагогтардың қызмет барысында әдеп нормаларын сақтау деңгейі, мұғалім–оқушы және мұғалім–ата-ана арасындағы қарым-қатынастарға жүргізілген бақылау нәтижелері айтылды. Жалпы әдеп талаптарының сақталғаны, алайда жекелеген жағдайларда педагогикалық тактіні күшейту қажеттілігі бар екені атап өтілді.

Сөз сөйледі: ДТІЖО С.Ж. Тусупбаева педагогикалық әдеп талаптарын сақтау мұғалімнің кәсіби жауапкершілігі екенін атап өтті. Алдағы уақытта, әдеп нормаларын сақтауға бағытталған жұмысты жүйелі түрде жалғастыруды ұсынды.

2-мәселе

Мұғалімдердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауына қатысты түсіндіру жұмыстары

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша кеңес төрайымы Т.Б. Тебенова мұғалімдердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауына қатысты жүргізілген түсіндіру жұмыстары туралы баяндама жасады.

Баяндамада нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру, әңгімелесу, кеңес беру жұмыстарының жүргізілгені және олардың педагогтардың жауапкершілігін арттырудағы маңызы айтылды.

Сөз сөйледі: Педагог-психолог Н.Ғ. Ахмедина түсіндіру жұмыстарын жас мамандармен жүйелі түрде жүргізу қажеттігін атап өтті. Қызметтік әдеп талаптарын сақтау еңбек тәртібін нығайтатынын айтты.

3-мәселе

Әдеп талаптарын бұзудың алдын алу шаралары

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша ДОІЖО М.А. Ашанбаева педагогикалық әдеп талаптарын бұзудың алдын алу шаралары туралы хабарлама жасады. Хабарламада профилактикалық жұмыстарды күшейту, бақылау жүргізу, педагогтармен жеке жұмыстар ұйымдастыру қажеттілігі атап өтілді.

Сөз сөйледі: Хатшы М.К. Ахметова әдеп талаптарын бұзудың алдын алу әр педагогтың жеке жауапкершілігі екенін айтты. Педагогикалық әдеп мәселесін тұрақты түрде кеңес отырыстарында қарастыруды ұсынды.


Қаралды / Талқыланды.

Қаралған мәселелер Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы және мектептің педагогикалық әдеп қағидаларына сәйкес талқыланды.

Шешім:

1. Мұғалімдерге педагогикалық әдеп талаптарын қатаң сақтау туралы түсіндірілсін.
2. Қыркүйек айында анықталған ескертулер профилактикалық сипатта қаралсын.
3. Әдеп нормаларын сақтау тұрақты бақылауда болсын.

Кеңес төрайымы:
Кеңес хатшысы



Т.Б.Тебенова
М.К.Ахметова